

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ  
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ**

**Бекітілді**  
**Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми**  
**Кеңесінің отырысы**  
**Ғылыми Кеңес төрағасы/**  
**«Утверждено»**  
**на заседании Ученого Совета**  
**КазНПУ им. Абая**  
**Председатель Ученого Совета**  
**Ректор \_\_\_\_\_ С.Ж. Пралиев**  
**Протокол № \_\_\_ от «\_\_»\_\_ 201\_\_**

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

**6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті**  
**Түсу жылы:2016/2017**

**Авторлары: Асқарова Г.С. - ф.ғ.к., аға оқытушы**  
**Аширов Ж.С.- магистр, аға оқытушы**

**Алматы**  
**2016**

## КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

### ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Мамандық 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Академиялық дәрежесі –6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

1 курс 2ж.

№ п/п	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Негізгі бөлімдер	К р. са н ы	Се м.	Пререкви зиттері	Постреквиз иттері	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері)
1 курс								
1.	Тілдік мотивация негіздері	«Тілді оқытудың мотивациялық негіздері» пәні 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранттарына арналған. <b>«Тілдік мотивация негіздері» пәнінің мақсаты:</b> қазақ тілін оқыту үдерісіндегі оқу мотивтерін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін таныту, оқушы әрекетін ұйымдастырудағы мәнін, рөлін, білім сапасын арттырудағы қызметін түсіндіріп, әдістемелік жолдарын меңгерту. <b>Міндеттері:</b> - білім беру үдерісінде оқу мотивтерін қалыптастырудың маңызы, өзіндік ерекшелігі; - білім берудің заманауи тенденциялары мен оқу мотивацияларын қалыптастырудың жаңа талаптары;	Білім берудің заманауи тенденциялары және оқу мотивтерін қалыптастыру мәселесі. Білім берудің жаңа парадигмалары және оқу мотивтерінің мәні. Білім философиясы және оқу мотивтерін қалыптастырудың сабақтастығы (тұлға мәдениеті, тіл мен сана). Оқушы психологиялық ерекшеліктері мен мотив қалыптастырудың бірлігі Оқу мотивтерін қалыптастырудың педагогикалық ұстанымдары. Қазақ тілі сабақтарында оқу мотивтерінің негізінде оқу әрекетін ұйымдастыру. Оқытуды ұйымдастыру формалары және оқу мотивтерін	2	1	Қазақ тілін оқыту әдістемесі Қазақ тілін деңгейлеп оқыту Педагогика Психология	Жоғары мектепте тілді оқыту әдістемесі Кәсіби құзыреттілік негіздері	Қазақ тілі сабақтарында мотив түрлерін қалыптастыруды білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіре отырып жүзеге асыра алатындай деңгейге жетуі керек; қазақ тілі сабақтарында оқу және әлеуметтік мотивтерді қалыптастырудың әдістемесін меңгеруі керек. Өзінің позициясын дәйектеп жеткізе алуы керек.

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім берудің жаңа парадигмалары мен оқу мотивацияларын қалыптастырудағы жаңа бағыттар;</li> <li>- оқу және әлеуметтік мотивтердің түрлері;</li> <li>- тіл сабақтарында оқу мотивтерін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері;</li> <li>- тілді оқытуда оқу мотивациясын қалыптастыру туралы ғылыми-әдістемелік зерттеулердегі ұстанымдар;</li> <li>- оқу, сөйлеуәрекеті және мотив қалыптастыру талаптары;</li> <li>- қазақ тілін оқытудың әдістемелік жүйесі және оқу мотивтерін қалыптастыру бірлігі;</li> <li>- тілдік тұлға қалыптастырудағы оқу мотивтерінің қызметі;</li> <li>- қазақ тілі сабақтарында оқу мотивтерін қалыптастырудың әдістемесі;</li> <li>- оқу мотивтерін қалыптастырудың аялары мен жолдары, технологиялары мен амал-тәсілдері <b>туралы</b> ғылыми-әдістемеліктұрғыдан <b>білім беру</b> және осы бағытта магистранттың кәсіби-интеллектуалдық <b>қүзіреттіліктерін жетілдіру.</b></li> </ul>	<p>қалыптастыру жолдары</p> <p>Оқу мотивтерін қалыптастыруда инновациялық технологияларды қолдану.</p>				
	Тілді оқыту мотивтері	«Тілді оқыту мотивтері» пәні қазақ тілін оқыту	Қазіргі заманғы білім және білім мазмұны		Қазақ тілін оқыту	Жоғары мектепте	Пәнді игеру нәтижесінде магистрант: - білім беру үдерісінде оқу мотивтерін

		<p>үдерісіндегі оқу мотивтері және оны қалыптастырудың негіздерін таныту, оқу әрекетін ұйымдастырудағы мотивтің орны мен рөлін, білім сапасына әсерін түсіндіріп, мотивтерді қалыптастыру жолдарын әдістемелік тұрғыда меңгертуге бағытталған.</p>	<p>Білім берудің заманауи тенденциялары және оқу мотивтерін қалыптастыру мәселесі.</p> <p>Білім берудің жаңа парадигмалары және оқу мотивтерінің мәні.</p> <p>Білім философиясы және оқу мотивтерін қалыптастырудың сабақтастығы (тұлға мәдениеті, тіл мен сана).</p>			<p>әдістемесі Қазақ тілін деңгейлеп оқыту Педагогика Психология</p>	<p>тілді оқыту әдістемесі Кәсіби құзыреттілік негіздері</p>	<p>қалыптастырудың маңызы, өзіндік ерекшелігін түсінеді; - білім берудің заманауи тенденциялары мен оқу мотивацияларын қалыптастырудың жаңа талаптарын біледі; - білім берудің жаңа парадигмалары мен оқу мотивацияларын қалыптастырудағы жаңа бағыттарды біледі; - оқу және әлеуметтік мотивтердің түрлерін анықтай алады; - тіл сабақтарында оқу мотивтерін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін меңгереді; - тілді оқытуда оқу мотивациясын қалыптастыру туралы ғылыми-әдістемелік зерттеулердегі ұстанымдарды айқындай алады; - оқу мотивтерін қалыптастырудың аялары мен жолдары, технологиялары мен амал-тәсілдері туралы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан меңгереді және осы бағытта магистранттың кәсіби-интеллектуалдық құзіреттілігі жетіледі.</p>
2.	Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттар	<p>«Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттар» пәнінің мақсаты мен міндеттері: «Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттар» пәнінің мақсаты магистранттарға: қазақ тіл біліміндегі антропоэзекті зерттеулердің бағыттарын, айтулы жетістіктерін саралап, осы бағыттар бойынша ғылыми мектептерді, ғылыми идеяларды сындарлы талдау жасауға үйрету. Пәннің міндеті:</p>	<p>1. Антропологиялық тіл білімі. 2. Антропоэзекті бағыттар</p>	2	1	<p>1. Когнитивтік лингвистика 2. Гендерлік лингвистика 3. Психолінгвистика 4. Лингвомәдениеттаным</p>	<p>Мәтін лингвистикасы Лингвомәдениеттаным Тіл және гуманитарлық ғылымдар интеграциясы</p>	<p>«Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттар» пәнін оқыту нәтижесінде магистрант: – тіл білімінің антропоцентристік бағыттарындағы лингвистикалық терминдер арқылы тіл ғылымына қатысты терминдік бірліктерді білуі керек; - лингвистикалық бағыттар арқылы адам болмысы мен, тілдің қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білуі керек. – тіл білімінің антропоцентристік бағыттары мен аспектілерін әртүрлі қырынан ғылыми тұрғыда негіздей алуы меңгеруі керек; - лингвотерминологиялық бірліктерге</p>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ тіл біліміндегі антропоэекті зерттеулердің үдерісін жоспарлауды;</li> <li>- іске асыруды, реттеуді және отандық, шетелдегі филологияның дамуына өз үлесін қоса алуы;</li> <li>- қазақстандық қоғамның дамуын шешетін проблемаларға бағытталған ғылыми нәтижелер ала білуі;</li> <li>- алдыңғы қатарлы әдістерді меңгергенін байқататын өзінің білімі мен ғылыми жетістіктерін ғылыми ортаға, көпшілікке хабарлай алуы.</li> </ul>						қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтуды меңгеруі керек.
	Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар	Пән аясында шетелдік және отандық тіл біліміндегі жаңа парадигмалық бағыттар мен олардың құрылымдық жүйедегі тіл білімі салаларынан ерекшеліктері және зерттеу нысандарының ерекшеліктері сараланады.	Тіл біліміндегі құрылымдық және антропоцентристік парадигма  Антропоэекті бағыттардың зерттеу нысаны  Тіл мен адам болмысының байланысы			Когнитивтік лингвистика Гендерлік лингвистика Психоллингвистика Лингвомәдениеттаным	Мәтін лингвистикасы Лингвомәдениеттаным Тіл және гуманитарлық ғылымдар интеграциясы	«Тіл біліміндегі жаңа бағыттар» пәнін оқыту нәтижесінде магистрант: – тіл білімінің антропоцентристік бағыттарындағы лингвистикалық бағыттарда қалыптасқан терминдік бірліктерді игереді; - жаңа бағыттардың зерттеу нысанын, мақсаты мен міндеттерін. – тіл білімінің антропоцентристік бағыттары мен аспектілерін әртүрлі қырынан ғылыми тұрғыда негіздей алады меңгеруі керек.
3.	Мәтін лингвистикасы	Пәнді оқытудың мақсаты – магистранттарға мәтіннің мағыналық, құрылымдық жақтарын зерттеумен айналысатын мәтін лингвистикасы саласынан, оның нысанынан, өзіндік басты белгілерінен, тұлға-бірліктерінен теориялық тұрғыда да, практикалық	Мәтін лингвистикасы, зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері. Мәтін – аяқталған толық мазмұнды білдіретін қарым-қатынастың, әсер етудің ерекше бірлігі. Мәтінді зерттеу	2	1	Тіл мәдениеті Қазақ тілінің стилистикасы Когнитивтік лингвистика	Қазақ лингвистикасының жаңа бағыттары Академиялық грамматика теориясы	Пәнді оқытудың нәтижесінде – магистранттарға мәтіннің мағыналық, құрылымдық жақтарын зерттеумен айналысатын мәтін лингвистикасы саласынан, оның нысанынан, өзіндік басты белгілерінен, тұлға-бірліктерінен теориялық тұрғыда да, практикалық жағынан да жүйелі білімді игереді. Мәтінді құраушы тұлға-бірліктерді айқындай алады;

		<p>жағынан да жүйелі білім беру.</p> <p>«Мәтін лингвистикасы» пәнінің негізгі міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтінді құраушы тұлға-бірліктерді айқындау;</li> <li>- мәтіннің негізгі категорияларын сипаттау;</li> <li>- әр түрлі тілдік бірліктердің мәтіндегі қолданымдық сипатын, қызметін анықтау;</li> <li>- мәтін бөліктері арасындағы байласымды жүзеге асыратын тілдік бірліктерді анықтау; логика-семантикалық қатынастарын анықтау;</li> <li>- мәтін түрлерін және олардың ерекшеліктерін айқындау.</li> </ul>	<p>бағыттары.</p> <p>Антропоэзеттік бағыт автор - мәтін - оқырман қарым-қатынасын зерттейді. Танымдық бағыт автор – мәтін – болмыс арасындағы байланысты қарастырады.</p> <p>А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов сынды ғалымдардың мәтінтанымдық көзқарастары Р.Сыздықова, Т.Қордабаев еңбектеріндегі күрделі синтаксистік тұтастық (КСТ) мәселесі.</p> <p>Қазақ тілі білімінде мәтін лингвистикасының (МЛ) бүгінгі дамуы. Мәтін байласымы. Мәтінді айқындайтын басты белгілер.</p> <p>Байласымды жүзеге асыратын тілдік амал-тәсілдер. Сөздердің мағыналық топтарының мәтінтүзімдік қызметі</p> <p>Байласым және тұтасым.</p> <p>Тұтасымды жүзеге асыратын тілдік амал-тәсілдер</p> <p>Мәтіннің күрделі фразалық тұтасымға мүшеленуі</p> <p>Мәтіннің</p>					<p>мәтіннің негізгі категорияларын сипаттап талдайды;</p> <p>әр түрлі тілдік бірліктердің мәтіндегі қолданымдық сипатын, қызметін анықтайды;</p> <p>мәтін бөліктері арасындағы байласымды жүзеге асыратын тілдік бірліктерді зерделейді; логика-семантикалық қатынастарын анықтайды;</p> <p>мәтін түрлерін және олардың ерекшеліктерін күрделі синтаксистік тұтастық ішінде талдайды.</p> <p>мәтін және оның белгілері және мәтінді құраушы бірліктердің байланысу амал-тәсілдерін білуіеді;</p> <p>мәтін белгілерін айқындауды, мәтін түрлері, баяндау қабаттары туралы білік-дағдыларды меңгереді, сөйлеу мәдениетін меңгереді.</p>
--	--	--	---	--	--	--	--	---

			композициялық-сөйлеу формаларына мүшеленуі Мәтіннің актуалды мүшеленуі					
	Мәтін байласымы	Пәнді оқу барысында лингвистикалық бірлік ретіндегі мәтіннің басты белгісілері (байласым және тұтасым) қарастырылады. Пән аясында мәтін байласымының ерекшеліктері қарастырылады. Мәтін тұтасымы - лингвистикалық тұрғыда айқындауға келмейтін категория екендігі қарастырылады.	1. Мәтінді айқындайтын басты белгілер: байласым және тұтасым. 2. Байласымды жүзеге асыратын тілдік амал-тәсілдер. 3. Сөздердің мағыналық топтарының мәтінтүзімдік қызметі			Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі  Қатысым синтаксисі	Лингвомәдениеттаным  Сөз мәдениеті	Мәтін лингвистикасы курсының нәтижесінде магистрант 1. Мәтін және оның белгілері туралы ғылыми негізделген түсінік қалыптасады; Мәтіннің басты байласымдық белгілерін айқындауға дағдыланады; 2. Мәтіннің тұлға-бірлігі - күрделі фразалық тұтасымды және абзацты ажырата алады; 3. Мәтінді құраушы бірліктердің байланысу амал-тәсілдерін игереді; 4. Мәтін түрлері, баяндау қабаттары туралы білік-дағдыларды қалыптасады; 5. білім алушылар өз ойларын жүйелі де айқынтпмен жеткізе білуге дағдыланады
4.	Лингвостатистика	Лингвостатистика пәнінің мақсаты – тіл біліміндегі тілдік бірліктердің статистикалық теорияның ғылыми негіздерін меңгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы магистранттардың ой-өрісін кеңейту.	Тіл біліміндегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар; Қолданбалы тіл білімі; Лингвостатистика – іргелі ғылым саласы Лингвостатистиканың категориялары; Статистика және оның түрлері.	2	2	Тіл біліміне кіріспе Қазіргі қолданбалы тіл білімі Лексикография	Жалпы тіл білімі Лексикография Қолданбалы тіл білімі Ономастика	– Лингвостатистика ғылымы негізінде тілдік бірліктердің жұмсалымын, сандық көрсеткішін танып-білуді; – Тіл білімінің статистикалық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми тұрғыда негіздеуді және статистикалық көрсеткіштердің тереңдетіп игеру арқылы статистикалық тәжірибесін молайтуды; – Лингвостатистика ғылымы арқылы статистикалық көрсеткіштердің болмысын танумен қатар, тілдік бірліктердің сандық қызметінің ғылыми-теориялық негізін сараптауды; – Лингвостатистика ғылымының қызметі арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын жетілдіріп, өзінше ой-

								пікір түйіндей білуді меңгеруі керек.
	Лингвоталдау	Лингвоталдау пәнінің мақсаты – тіл біліміндегі тілдік бірліктердің талдаудың жолдары мен ғылыми негіздерін меңгеру, Лингвоталдауда қолданылатын және негізге алынатын басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы магистранттардың ой-өрісін кеңейту.	Тілдік талдау негіздері  Лингвоталдау нысандары мен мақсаттары  Лингвоталдаудың түрлері	2	2	Тіл біліміне кіріспе Қазіргі қолданбалы тіл білімі Лексикография	Жалпы тіл білімі Лексикография Қолданбалы тіл білімі Ономастика	– Лингвоталдау ғылымы негізінде тілдік бірліктердің жұмсалымын, сандық көрсеткішін танып-білуді; – Тіл біліміндегі статистикалық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми тұрғыда негіздеуді және статистикалық көрсеткіштердің тереңдетіп игеру арқылы статистикалық тәжірибесін молайтуды; – Лингвостатистика ғылымы арқылы статистикалық көрсеткіштердің болмысын танумен қатар, тілдік бірліктердің сандық қызметінің ғылыми-теориялық негізін сараптауды; – Лингвостатистика ғылымының қызметі арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын жетілдіріп, өзінше ой-пікір түйіндей білуді меңгеруі керек.
5.	Лингвомәдениеттаным	«Лингвомәдениеттаным» қазақ сөз мәдениетін теориялық пән ретінде ретінде тілдік қана емес, коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдениеттік этикалық, лингвоэкологиялық тұрғыдан қарастырудың концептуалдық негіздерін айқындайды. Пән аясында сөздің коммуникативтік сапаларын объективті түрде анықтаудың және тілдік нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздері қарастырылады.	Прагмалингвистиканың зерттеу бағыттары мен негізгі ұғымдары Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Медиалингвистика	3	2	Стилистика Сөз мәдениеті Когнитивтік лингвистика Тілдік қатынас Қазақ әдеби тілінің тарихы	Академиялық шешендік Сөз мәдениетінің негіздері Қазақ тіліндегі қатысымдық бірліктер Мәтін және дискурс	«Лингвомәдениеттаным» пәнін оқу нәтижесінде магистрант: - тілдік бірліктерді прагматикалық аспектіде қарастырудың ғылымиәдістемелік тәсілдерін меңгереді; - тілдегі лингвистикалық парадигмада талқыланатын проблемалық ізденістерді жүйелей біледі; - дәстүрлі стилистикадан тыс функционалдық, прагматикалық стильде көріністерін меңгереді.
	Өлең теориясы	Халық поэзиясының тілі өлеңтану жүйесінің көркемдік негізі екендігі	Өлең және онң құрылысы. Өлең бунағы мен юын			Көркем антропология және әдеби	Академиялық шешендік.	- Өлең теориясының тарихи-поэтикалық негіздері игертіледі.



		бағаланады. Жалпытүркілік поэзия жанрларының кейінгі әдеби дамуға негіз болғандығы тұжырымдалады. Авторлы ауызша поэзияның ұлттық көркемдік негізі жыраулар поэзиясының поэтикасы ғылыми негзделеді. Хакім Абайдың классикалық өлеңсөз мұрасының эстетикалық сипаты бағаланады. Қазақ өлеңінің құрылысы, өлшем өрнектері дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы заңдылығымен қамтылады.	түрлері. Өлең ұйқасы. Өлең сөздің бейнелеу құралдары. Поэзия тілінің қалыптасу, даму жүйесі. Қазақ өлеңінің қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне арналған классикалық әдеби зерттеулер жүйесі.			шығармашылық. Әдеби үдерістегі көркемөнер салалары бірлігі. Көркем мәтінге психологиялық талдау теориясы.	Ауызша авторлы әдебиет поэтикасы. Роман теориясы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Өлең теориясын зертеушілер еңбектерінің ғылыми-методологиялық негіздері менгертіледі.</li> <li>- Классикалық өлеңсөз үлгілері мен кейінгі әдеби үдерістегі шығармашылық сабақтастық айқындалады.</li> <li>- Өлең теориясындағы қазіргі жаңа талдаулардың ғылыми-танымдық маңызы ұғындырылады.</li> </ul>
6.	Ономастика негіздері	6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының магистранттарына арналған пән тілдегі ономастикалық атаулар жүйесін тіл білімінің жаңа бағыттары негізінде қарастырады. Пән аясында Қазақстан Республикасының ономастикалық саясаты түсіндіріледі.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ономастикалық атаулар тарихы</li> <li>2. Ономастикалық атаулардың танымдық жүйесі</li> <li>3. Ономастикалық атаулардың этнолингвистикалық сипаты</li> </ol> <p>ҚР ономастикалық саясаты, департаменттегі ономастика бөлімінің жұмыстары</p>	2	2	Лексикология Жалпы тіл білімі Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттар	Күрделі аталымдар: когнитивтік семантика Сөз мәдениеті	Пәнді оқу нәтижесінде магистрант: <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан Республикасының ономастикалық саясаты;</li> <li>- Ономастика бөліміндегі құжаттардың тәртібін</li> <li>- Тіл біліміндегі салаға қатысты ғылыми зерттеулерді біледі</li> <li>- Ономастикалық атаулардың танымдық жүйесін;</li> <li>- Ономастикалық атаулардың этнолингвистикалық негіздерін менгереді</li> </ul>
	Лингвономастика	Пән тілдегі атаулардың шығу, қалыптасу жайын тексереді. Ол зерттеу нысанына қарай топонимика, антропонимика, этнонимика, астрономимика, зоонимика, теонимика, фитонимика салаларының ерекшеліктері зерделенеді.	<p>Ономастикалық атаулардың қалыптасу тарихы</p> <p>Ономастикалық жүйедегі таным</p> <p>Ономастикалық атаулардың этнолингвистикалық ерекшеліктері</p>			Қазақстан тарихы  Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	Күрделі аталымдар: когнитивтік семантика Сөз мәдениеті	Пәнді оқу нәтижесінде магистрант: <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ тіл біліміндегі ономастика саласының зерттеу нысаны мен ерекшеліктерін;</li> <li>- тіл біліміндегі салаға қатысты ғылыми зерттеулерді біледі</li> <li>- Ономастикалық атаулардың танымдық жүйесі мен этнолингвистикалық</li> </ul>

								ерекшеліктерін меңгереді.
7.	Қазақ топоними қасы	Ономастиканың бір бөлігі саналатын жер-су аттары халықтың ғасырлар бойы жинақталған жәдігері, тіл мен тарихтың құнды қазына байлығы, мәдени мұрасының бастауы. Жер-су аттарының шығу пайда болу таихы қалық тілінің байлығына, әрбір тарихи дәуірдегі қоғамдық өмірдің құрылысына, оның элеуметтік-экономикалық жағдайына, ел-жұрттың кәсіби тірлігіне, мемлекеттің дамып өсуі мен елді мекендердің сан жағынан артып, молая түсуіне тікелей байланысты болып отырады	Қазақ топонимдерінің қалыптасу жолы мен кезеңдері. Топонимжасам мәселесі. Тоаонимдердің қызметі. Жер-су атауларының лекска-семантикалық топторы	2	2	Қазақ тілінің лексикология сы. Сөзжасам. Жалпы тіл білімі.	Қазақ лингвистик асының жаңа бағыттары. этнолингвистика	Білім алушы пәнді оқып меңгеру арқылы жер-су атауларының пайда болу жолын, тарихын біледі. «Жер-судың аты - тарихтың хаты» демекші, топонимдер тек адрестік қызмет атқармайды, сол жерді мекендеген халықтың салт-дәстүрі, ой-санасы, рухани болмысының көріністерін бойына терең сақтаған танымдық және кумулятивтік маңызы зор мәдени құндылық болып та болып табылады.
	Көркем әдебиеттегі ұлттық ментальдылық	Қазақ әдебиетіндегі ұлттық ерекшеліктері сипатталады; ментальдылық ұғымының көркем әдебиетте берілуі айтылады; көркем әдебиеттегі дәстүр мен ментальдылықтың аражігі ажыратылады.	Қазақ поэзиясындағы ұлттық ментальдылық; ментальдылықтың берілу тарихы; жыраулар поэзиясындағы ментальдылық; ақындар поэзиясындағы ментальдылық;			Әдебиеттануға кіріспе Әдебиеттану дың өзекті мәселері	Әдебиет теориясын Сын тарихы	Пәнді оқу процесі кезінде магистрант қазақ көркем әдебиетіндегі ментальдылықтың қалыптасы, даму жолдарынан молынан ақпарат алады, Көркем әдебиеттегі ментальдылықты ғылыми тұрғыдан талдауға дағдыланады.
8.	Қазақ әдебиетіндегі модернизм және постмодернизм	Қазақ әдебиетінде модернизм және постмодернизм ағымдарының ерекшелігіне, пайда болу мен даму сипатына; қазіргі әдеби процесітегі көрінісіне жан-жақты тоқталып, постмодернизм құрайтын интертекстуалдылық, ойын, метапроза, пастиш т.б.	Неомифологизм қазіргі әдебиеттің маңызды үрдісі ретінде. Әлемдегі ұлт және жазушыларының шығармашылығындағы сана ағымы және абсурд театры. Философиялық-эстетикалық медитативтілік және	2	2	Әдебиет теориясы Қазақ әдеби сынының тарихы Шетел әдебиетінің тарихы Қазіргі әдеби процесс	Фольклор поэтикасы Әдебиеттанудың өзекті мәселелер Әдебиеттанудағы жаңа мектептер мен бағыттар	Көркем туындыны талдау барысында постмодернизмнің негізгі принциптерінің бірі – «мәдени жанамалылық» немесе цитаталарды (авторларды) ажырата білу; Постмодернизм бағытында жазған жазушылар туындыларының жанрлық ерекшелігі мен түрлік өзгерісін анықтай алу;

		секілді элементтерін талдау. Магистранттарды шетел әдебиетінің тарихына тән XX-XXI ғасырлар тоғысындағы Батыс және Шығыс әдебиеттеріндегі қазіргі заманғы үрдістермен таныстыру, әдебиет танудың бүгінгі жетістіктеріне толық жауап беретіндей білім жүйесін беру.	поэзиядағы әлемнің эпикалық көрінісі. Постмодернизм және оның қағидаларының ұлттық пішінде жүзеге асуы. Қазіргі феминистік әдебиет. Интертекстуалдылық қазіргі прозаның дамуындағы басты бағыт. Қазіргі батысеуропалық және шығыстық прозаның даму үрдісі.				
9.	Классикалық әдеби дәстүр және жаңашылдық	Әлемдік классикалық жазба әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) туындыларындағы суреткерлер стилінің қазіргі заманғы жалғастығы қамтылады. Әдеби үдерістегі романтизм, реализм көркемдік әдістері аясындағы постмодернизм әдіс-бағыттарының сабақтастығы, өзгешеліктері салыстырыла қарастырылады. Классикалық әдеби дәстүрдің кейінгі даму желісіндегі сақталуы, ұлттық және жалпыадамзаттық көркемдік дамудағы ықпалдастықты, байланыстарды дамытуы түсіндіріледі. Классикалық әдеби дәстүрдің өміршеңдігі және жаңашылдықпен жалғасуы көркемдік ойлау	Классикалық әдеби дәстүрдің тарихи негізі. Классикалық дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы. Жаңашылдық-классикалық дәстүрдің түрленуі, жаңғыра жалғасуы. Жаңашылдық – қазіргі заманғы әдеби дамудың ұлттық, жалпыадамзаттық рухани байланыстарының эстетикалық дәнекері. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетіндегі жаңашылдық сипаты.		Әдебиеттануға кіріспе. Шетел әдебиетінің тарихы. Қазақ хандығы дәуірі әдебиеті. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Әдеби үдерістегі көркемөнер салалары бірлігі. Көркемдік дамудың теориялық-методологиялық негіздері.	Әдебиет теориясы. Түркі халықтары әдебиетінің тарихы. Қазіргі әдеби үдеріс. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті. Көркем антропология және әдеби шығармашылық. Роман теориясы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әлем әдебиеті тарихының бұрынғы қалыптасқан классикалық дәстүрлерін жаңаша бағалап жүйелеу жүзеге асырылады.</li> <li>- Түркі өркениеті дәуіріндегі ортақ классикалық әдеби дәстүрінің поэтикалық табиғаты жаңаша байыпталады.</li> <li>- Әлемдік әдеби байланыстар, шығармашылық ықпалдастықтар негізіндегі жаңашылдық сипаттары анықталады.</li> <li>- Классикалық әдеби дәстүр негізіндегі Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетіндегі жаңашылдық көріністеріне ғылыми</li> </ul>

		заңдылығы бойынша ғылыми тұрғыда талданады, бағаланады.						талдаулар жасалады.
2 курс								
10.	Көркем шығармадағы психологизм	Көркем шығармадағы психологизм ұғымы туралы жан-жақты түсінік қалыптастырып, ол құбылыстың көркем әдебиет шығармаларында алатын орны мен құрылымдық, стильтүзушілік, пішіндік қызметтерін айқындау. Психологизмнің өнердегі «тектік» белгі екенін таныту; психологизмнің ойлау типі, стильдік компонент ретіндегі мәнін анықтау; психологизмнің бейнелеу ұстанымдары мен формаларын зерделеу; психологизмнің көркем шығарма құрылымындағы рөлін ашу; психологиялық талдау өнерін мәтін жүйесі бойынша зерттеу әдістерін үйрету болып табылады.	Кіріспе. Шығыс өркениеті және адам туралы ұғым. Психологизм-өнердің тектік белгісі. Мінез және ұлттық ерекшелік. Қытайдағы даосизм. Буддистер қабылдау сезімі туралы. Психологиялық талдау және жазушы таланты Көркемдік әдістер және психологизм. Ұлттық әдебиеттің ерте дәуірі және сезім суреттері.	3	3	«Әдебиеттануға кіріспе», «Әдеби сын тарихы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» пәндері	Әдебиеттану ғылымының методологиялық мәселелері», «Психология», «Әдебиет теориясы» пәндері	-Көркем шығарманың құрылымдық ерекшеліктерін; -кейіпкер психологиясын қаламгердің суреткерлік, стилдік сипатынан тани білуді; - кейіпкердің ішкі психологиялық иірімдеріндегі жан толғаныстары арқылы танылатын қасиет-қырларды ажырата білуді; - психологизмнің аналитикалық талдау түріне тән ерекшеліктерді айыра білуді; - психологизмнің синтетикалық түріне тән айырмашылықтарды аңғара білуді; -көркем шығармадағы психологизм» мәселесіне арналған ғалымдар пікірлерін салыстыра алу қабілетін меңгеруі тиіс.
	Қазақ поэзиясының поэтикасы	Бұл пәнде қазақ поэзиясының көркемдік ерекшеліктері, қазақ поэзиясындағы жаңалықтар мен дәстүр сабақтастығы, қазіргі қазақ поэзиясындағы тенденциялар талданады.	1. Лириканың көркемдік ерекшеліктері және олардың түрлері. 2. Баллада мен поэманың поэтикасы. 3. Поэзиядағы тіл мен стиль.	3	2	Қазақ повесінің поэтикасы.	Қазақ повесінің генезисі мен эволюциясы.	Пәнді оқу процесі кезінде магистрант қазақ поэзиясының көркемдік даму жолының барлық этаптарынан молынан ақпарат алады, поэзияны ғылыми тұрғыдан талдауға дағдыланады.
11.	Әдебиет тарихын	Қазақ әдебиеті тарихының әдеби даму жолдарының	Ұлттық әдебиеттегі дәстүр мен	3	3	Ежелгі дәуір әдебиеті,	«Әдебиеттану	Магистрант әдебиеттің дәуірлеу кезеңдерін әдебиет тарихымен бірлікте

	дәуірлеудің теориялық негіздері	қыр-сырын аңғару, талдау процесімен тікелей байланысты болғандықтан әдебиетінің туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет тарихына жанастыра көрсету, әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен таныстыру.	жаңашылдық. Сентиментализм, романтизм және реализм. Ноереализм, мифологиялық реализм, Модернизм мен постмодернизм.			Алтынорда дәуіріндегі әдебиет, Қазақ хандығы кезіндегі әдебиет, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, т.б.	ғылымының методологиялық мәселелері», «Әдебиет теориясы» пәндері	талдаудың ғылыми принциптерін игереді.
	Әдеби даму заңдылықтары	Әдебиеттің даму эволюциясын, мектептерін, бағыттарын, тарихи даму кезеңдерін танып біледі. Қазіргі әдеби үдеріс, жетекші тенденцияларын, әдеби дамудың қоғам өмірімен байланыстылығын ашып көрсету.	Әдебиеттің даму заңдылықтары Әдебиеттің тарихи сипаты Әдебиет көркемдік талдау Қоғамның даму үрдісі			Фольклор поэтикасы және мәтін талдау XX ғасырдағы басындағы әдеби процесс	Әдеби байланыс тардың тарихи-мәдени негіздері Көркем проза поэтикасы	Пәнді оқыту нәтижесінде магистрант әдебиеттің барлық даму заңдылықтарын меңгереді.
12.	Жоғары мектепте тілді оқыту әдістемесі	Білім берудегі жаңа тенденцияларды негізге алып, қазақ тілін жоғары оқу орындарында оқытудың философиялық, педагогикалық, методологиялық негіздерімен таныстыру. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуын әлеуметтік-қоғамдық талаптармен ұштастыра қарау. Осыған сай қазақ тілін меңгертудің жаңа жүйесін зерттей отырып, білім алушылардың маман ретінде кәсіби тұрғыдан дамуына жағдай тудыру.	Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың парадигмалары, қағидалары, Қазақ тілін оқытудың педагогикалық, психологиялық, философиялық негіздері; әдістемелік жүйесі; оқытудың формалары; оқытудың нәтижелері.	3	3	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Кәсіби қазақ тілін оқытудың методологиясы.	Пәнді оқыту нәтижесінде магистрант қазақ тілін жоғары мектепте оқытудың әдістемелік жүйесін меңгереді.
	Тілді оқыту әдістемесі	Пән барысында тілді оқыту әдістемесінің философиялық, антропологиялық, аксиологиялық, акмеологиялық, андрагогикалық,	Қазақ тілін оқытудың негіздері. Қазақ тілін оқытуға қойылатын талаптар. Қазақ тілін оқытудағы қарым қатынас ролі. Қазақ т. оқытудағы			Тілдік қатынас. Қатысымдық-танымдық әдіс. Психология. Педагогика. Философия. Қазақ тілін	Қазақ тілінің синтаксисі. Жалпы тіл білімі. Қазақ тілінің	Пәнді оқыту нәтижесінде: Қазақ тілін оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін және білім беру философиясының, логиканың, лингвистиканың, психологияның, физиологияның т.б. ғылым салаларының жетістіктеріне сүйене

		гносеологиялық, логикалық негіздерін қазақ тілінің болмысымен тікелей де, жанама түрде де байланыста қарастырылады.	дәстүрлі және инновациялық әдістер.			оқыту әдістемесі.	стилистика сы. Коммуникативтік мағына негіздері.	отырып, әдіскерлер мен мектеп мұғалімдерінің тәжірибелерін талдап тану арқылы тиімді әдістер мен тәсілдер жүйесін зерделейді.
13.	Жоғары мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі	Магистранттарды жоғарғы мектепте өзгетілді аудиторияда әдебиетті оқытудың теориялық, методологиялық, әдістемелік негіздерімен қаруландыру; Әдебиет теориясы ұғымдарын практикалық қолдану деңгейде меңгерту; Өзгетілді аудиториядағы әдебиет пәні мұғаліміне қажетті әдеби білім, білік, дағды қалыптастыру.	Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылым және пән ретінде. ЖОО-да өзгетілді аудиторияда қазақ әдебиетін кредиттік технология тұрғысынан ұйымдастыру және жүргізу. ЖОО-да қазақ әдебиетінен сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу жолдары	3	3	«Педагогика»: дидактика, педагогика тарихы «Психология»: жас ерекшеліктер психологиясы, даму психологиясы, оқыту психологиясы «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі»: қазақ әдебиетін оқыту заңдылықтары, ұстанымдары	Менеджмент Білім берудегі инновациялық технологиялар Білім берудегі ақпараттық технологиялар	-Жоғары мектепте әдебиетті оқытудың заңдылықтарын, ұстанымдарын; - Өзгетілді аудиторияда қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің әдістері мен тәсілдерін; - Жоғары мектептегі әдебиет сабақтарында оқытудың жаңа технологияларын қолдану жолдарын біледі; - Өзгетілді аудиторияда қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқыту әдістемесі бойынша стандарт, бағдарламаларға талдау жасай біледі; - Әдебиет сабақтарын жоспарлай біледі; - Сабақта инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана біледі менгереді.
	Әдебиетті оқыту әдістемесі	«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнінің мақсаты студенттерге әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту арқылы олардың дүниетанымын кеңейту, оқырмандық мәдениетін, қызығушылығын қалыптастырып, ұлттық рухани қазынаны,	XIX ғ екінші жартысындағы, XX ғ басындағы Қазақстандағы оқыту жүйесі  Кенестік дәуір және Тәуелсіз Қазақстан мектептік білім жүйесіндегі әдебиетті оқыту әдістемесі Әдебиет курсының мазмұны мен құрылысы Әдеби білім берудегі			Көркем прозадағы психологизм Әдебиет танымдық талдау	Әдебиет танудың өзекті мәселелері Әдебиет танудағы жаңа мектептері мен бағыттары	«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнін оқу негізінде студент: орта мектептердегі әдебиет пәнінің құрылысы мен мазмұны, көркем шығармамен жұмыс істеу жолдарын, сабақ түрлерін, жазба жұмыстарының әдістемесін біледі. Орта мектептерде қазақ әдебиеті сабақтарының сағаттарын жоспарлауды, сабақты дайындап өткізуді, көркем шығарманы

		<p>парасатты, ізгілікті, салт-дәстүрді жинақтаған ауыз әдебиеті үлгілерін, жазба әдебиеттің түрлерін білім мен тәрбие құралы ретінде пайдалану жолдарын, әдіс-тәсілдерін үйрету болып табылады.</p>	<p>мемлекеттік құжаттар Күнтізбелік-тақырыптық жоспармен жұмыс Әдеби білім беруде мәтінмен жұмыс Әдебиетті оқытуда базалық білім курсы мен тарихи-әдеби курсты жоспарлау әдістері.</p>					<p>талдау жолдарын, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануды, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды меңгереді.</p>
14.	Кәсіби құзыреттілік негіздері	<p>«Кәсіби құзыреттілік негіздері» пәнін оқытудың мақсаты: Педагог мамандардың бакалавриат сатысында алған педагогикалық, теориялық-тілдік, әдістемелік-технологиялық, психологиялық білімдерінің негізінде кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Пәннің міндеттері кәсіби құзыреттілік және кәсіби тілдік құзыреттілік ұғымдарын және оның негіздері туралы түсініктерін дамыта түсу; педагог-филологтардың кәсіби саласына қажетті тілдік құзыреттілік түрлері мен қалыптастыру жолдарын</p>	<p>Құзыреттілік. Кәсіби құзыреттілік. Кәсіби құзыреттіліктің түрлері. Ақпараттық құзырет. Коммуникативтік құзырет. Әлеуметтік-құқықтық құзырет. Арнайы құзыреттілік. Білім берудегі педагогтың құзырлығы мен тұлғалық сапалары. Құзыреттілікті қалыптастыру. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі. Педагог мамандардың құзыреттіліктерін қалыптастырудың деңгейлері. Филолог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту жолдары.</p>	2	3	<p>Бакалавриат бағдарламасы негізінде: Педагогика. Қазақ тілі (салалары). Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Қазақ әдебиеті, Психология.</p>	<p>1. Ғылым мен білім берудегі педагогикалық технологиялар. 2. Тіл және гуманитарлық ғылымдар интеграциясы. 3. Академиялық шешендік. 4. Мәтін және дискурс.</p>	<p>Кәсіби тілдік құзыреттілік негіздері пәнін игеру нәтижесінде білімгерлердің меңгеріп, білуі тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жалпы және арнайы кәсіби құзыреттілік ұғымын және оның негіздерін меңгеру,</li> <li>тілдік норма, сөйлеу әрекеттері, стильдік қызмет, коммуникативтік және әдеп нормалары</li> <li>риторикалық ережелерден алған білімдерін пайдалану;</li> <li>кәсіби тілдік құзыреттілік пәнінен алған білімдерін әдеп нормалары мен қатысым ережелерін сақтай отырып қолдана білу;</li> <li>қатысымда адресатқа құрмет көрсете отырып, оған тілді, стильдік көркемдегіш құралдарды таңдау барысында тиісті көмек көрсету;</li> <li>кәсіби тұрғыдан әр түрлі жанрдағы мәтіндердің стильдік қызметін ажырату, коммуниканттардың сөйлеу әрекетін, тілдік нормалардан ауытқуын бақылай білу, түзету және бағалау;</li> <li>кәсіби тілдік құзыреттілікті меңгеру.</li> </ul>

		менгерту; тілдік құзыреттілік деңгейлерін жетілдіру;					
Құзіреттілік теориясы	«Құзыреттілік теориясы» пәні педагог мамандардың кәсіби саласында өз білімдерін тиімді пайдалану, педагогикалық, теориялық-тілдік, әдістемелік-технологиялық, психологиялық білімдерін өндіріспен шебер ұштастыру мақсатын көздейді.	Құзыреттілік ұғымы. Танымдық құзіреттілік Пәндік (кәсіби) құзіреттілік Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі. Қатысымдық құзіреттілік.			Педагогика. Қазақ тілі (салалары). Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Қазақ әдебиеті, Психология.	1. Ғылым мен білім берудегі педагогикалық технологиялар. 2. Тіл және гуманитарлық ғылымдар интеграциясы. 3. Академиялық шешендік. 4. Мәтін және дискурс.	Пәнді пәнін игеру нәтижесінде білімгерлердің меңгеріп, білуі тиіс: <ul style="list-style-type: none"> <li>құзыреттілік ұғымын және оның негіздерін түсінеді,</li> <li>танымдық құзіреттілік пен кәсіби құзіреттілік ұғымдары арасындағы ерекшеліктерді меңгереді.</li> <li>қатысымдық құзыреттілік аясында пререквизиттік білімдері мен әдеп нормалары мен қатысым ережелерін сақтай отырып қолдануға дағдыланады.</li> </ul>

Кафедрасының меңгерушісі/ Зав.кафедрой \_\_\_\_\_ Ж.Т. Дәулетбекова